

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

пайдалануға мүмкіндік береді. Ойындарды топтастыруда баланың дамуында ойын басқаратын іс-әрекеттің түріне айналады деген тірек идеяларды басшылыққа алу керек. Сонымен мәнді ойын арқылы пайда болған іс-әрекет мектепке дейінгі жастағы балалардың жеке тұлғалық танымдық белсенділіктерін дамытудың мүмкіндіктері болатынды дәлелдейді.

Түзету сабақтары барысында ойындарды қолданудың арқасында білім процесі мектепке дейінгі жастағы балаларға түсінікті және қонымды ойын әрекетінде, яғни қызықты өтеді. Ойын балалардың сөйлеуін дамытады: сөз қорын толықтырылады және белсендіріледі, дұрыс дыбыстау қалыптасады, байланыстырып сөйлеу дамиды [7].

Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүние танымын кеңейтеді, мінез-құлық, ерік-жігерін қалыптастырады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздылық, тапқырлық әрекеті байқалады (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін, ерік арқылы) түрлі психологиялық түсінікпен сезім әрекетіне сүңгиді. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш пен реніш сезімінде болады. Баланың ойын тәжірибесінде ұжымдық өмір дағдылары қалыптасады. Ойын үстінде баланың сана-сезімі, еркі, өзін-өзі бақылау, өзінің іс-әрекетімен салыстыру қасиеттері жетіледі. Сондай-ақ, қиял сияқты психикалық үдерістері қалыптасады, сөйлеу тілі дамиды. Қозғалыс ойындары арқылы баланың зейіні қалыптасады. Ойын оқыту үрдісінде оқытудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық ұғым бола алады. Оқу ойындарын қолданудың жағымды жақтарына американдық авторлар мыналарды жатқызады: Ойындар абстрактілі оқытуға қарағанда, өз тәжірибесімен оқытуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Бобылѐва З.Т. Игры с парными карточками, звуки Р, Л. Настольные логопедические игры для детей 5-7 лет. -М.: ООО «Издательство ГНОМ и Д», 2007г.
2. Дурова Н.В. Фонематика. Как научить детей слышать и правильно произносить звуки. Методическое пособие. – М. : Мозаика-Синтез, 2003.-112с.
3. Пожиленко Е.А. Волшебный мир звуков и слов. М.: Владос, 1999. 216с.
4. Селиверстов В.И. Игры в логопедической работе с детьми. - М: Просвещение, 1979. - 192с.
5. Ткаченко Т. А. В первый класс без - дефектов речи: Методическое пособие.- СПб.: Детство-Пресс, 1999.-112с.
6. Цвынтарный В.В. Играем, слушаем, подражаем - звуки получаем. - М.: Центрполиграф, 2004.-63с.
7. Швайко Г.С. Игры и игровые упражнения для развития речи: Книга для воспитателя детского сада./ М.: Просвещение, 1988.-64 с.

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТРАНСВЕРСАЛДЫ ДАҒДЫСЫН ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕСІ

Абуталипова Айжан Даулетовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Педагогика және психология» мамандығының I курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Асылбекова М.П., п.ғ.к., профессор м.а.

Аннотация. В статье рассматривается значение системы образования в процессе формирования трансверсионных навыков и развития трансверсальных навыков у старшеклассников. В настоящее время представлены различные виды навыков, по ЮНЕСКО представлены определение и категория трансверсальных навыков. По определениям ученых, формирование трансверсивных навыков важно для подготовки специалистов, необходимых

и постоянно обновляемых во всех сферах труда, а также для организационной эффективности.

Ключевые слова: навыки, трансверсальные навыки, компетенция, горизонтальные навыки, самореализация.

Abstract. The article discusses the importance of the education system in the process of forming transversion skills and developing transversal skills in high school students. Currently, various types of skills are presented, UNESCO presents the definition and category of transversal skills. According to scientists, the formation of transversive skills is important for the training of specialists necessary and constantly updated in all areas of work, as well as for organizational efficiency.

Key words: skills, transversal skills, competencies, horizontal skills, self-realization.

Білім беру саласының қазіргі қайта құрылуын, оның көзқарасы мен миссиясын, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларына болашақ кәсіби өмірінде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін білім мен құзыреттілікті қамтамасыз ету үшін үнемі ізденістерін ескере отырып, білім беру орталықтары мықты жан-жақты дайындықты қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ қазіргі нарықтағы заманауи жаңа кәсіптердің пайда болуы мен бәсекеге қабілеттілікке, эффективтілікке, білім ресурстарына деген сұраныс пен жоғары сынып оқушыларының алдындағы таңдаудың кеңдігі оқу орындарының алдында оқушыларды түрлі қажетті дағдылармен қаруландыру міндеті тұр.

Еліміздің қазіргі таңдағы даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы қайта құруларымен, әлеуметтік - саяси және экономикалық өзгерістермен сипатталады. Ал бұл қазіргі кездегі оқушылардың да жеке тұлға ретінде қалыптасуларына өз әсерін тигізеді. Қазіргі кезде жоғары сынып оқушыларының өзін-өзі жүзеге асыру, қарым-қатынас, тұлғалық тұрғыда дамуы мен кемелденуі, алдағы өмірін дұрыс бағытта құрудағы, бәсекеге қабілеттілікті арттырудағы дағдыларды меңгеруі көптеген зерттеушілердің назарын аудартады.

Бұл сценарий трансверсалды дағды деп аталатын көлденең құзіреттіліктерді қазіргі әлемдік білім беру аренасында өзекті тақырыпқа айналдырады.

Дағды - алғашқыда саналы орындауды қажет ететін іс-әрекет бөліктерінің қайталап жаттығудың нәтижесінде автоматталынуын дағды деп атайды. Дағды санасыз қайталау нәтижесінде де қалыптасатын іс-әрекет болуы мүмкін. Соның нәтижесінде ол автоматталған әрекетке айналып, оңай, шапшаң әрі дәл орындалып отырады. Дағдының арқасында біздің санамыз қызметтің түпкілікті, шешуші кезеңдеріне жұмылдырылып табысты болуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта әр-түрлі дағдыларды («икемді дағдылар») атайтын ондаған терминдері және олардың әртүрлі анықтамалары мен әртүрлі тәсілдері бар. Халықаралық ғылыми жобалар мен институттар «21 ғасыр дағдылары» деп: әлеуметтік дағдылар, көлденең құзыреттер, әмбебап құзыреттер, негізгі және өмірлік дағдылар терминдерін қарастырды [1,283].

Телхи, Родригес, Паскоа және Триболаның айтуы бойынша трансверсалды дағдыларды қалыптастыру барлық еңбек салаларында қажетті және үнемі жаңартылып отыратын маман даярлау үшін, сондай-ақ ұйымдастырушылық тиімділік үшін маңызды. Қазіргі кездегі көптеген жоғарғы оқу орындары болашақ мамандардың бойындағы күрделі, функционалды, арнайы және өтпелі дағдылар мен құзыреттіліктерді дамытуға ден қойған. Аталған дағдылар болашақ мамандарға қиындықсыз бейімделуге, инновацияларды тез меңгеруге, өз ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Осы орайда 2014 жылы ЮНЕСКО –да айтылуынша: «Білім алушылардың өзгерістерге сәтті бейімделуі және саналы, продуктивті өмір сүрулері үшін трансверсалды дағдыларға деген жыл сайын артуда».

Педагог-психолог оқушының өзіндік жетіліп дамуы үшін, әсіресе жоғары сынып оқушысының алдында тұрған кәсіби жолға дұрыс бағыттау үшін өзінің алдына келесідей

мақсат-міндеттерді қою керек: оқушының ақыл-ойының, эмоционалды және әлеуметтік дамуы мен ерекшеліктерінің ашылу деңгейін, оның өлшемдерін ескеру; жан-жақты ағарту. Осы орайда ұлы педагогтар А. Дистерверг, К.Ушинский, А.Макаренко, В.Сухомлинский оқушының дүниетаным қабілеті жоғары, дарынды, өнерпаз, ізденімпаз, өз алдына мақсат қоя білетін, талапты болуының маңызын көрсеткен. Ал осы аталған дағдыларды бір сөзбен трансверсалды дағдылар деп атаймыз.

Бұл дағдылар жиі жасырын және оларды жарыққа шығару, бекіп, дамыту өте қиын. Барлық оқушылар белгілі бір дәрежеде осы дағдыларға ие, бірақ кейбіреулерінде басқаларына қарағанда дамыған. Оқушылардың бұрыннан бар дағдыларын тану және тексеру, сондай-ақ олардың дағдыларын одан әрі дамыту стратегиясын жасау оқушыларға және оның болашағына үлкен пайда әкеледі.

Жалпы, бүгінгі күні трансверсалды дағдылар немесе құзыреттіліктер кең мағынада сыни ойлауды, тапқырлықты, жеке және тұлғааралық дағдыларды және жаһандық азаматтықты (толеранттылық және көп мәдениетті құзыреттілік) қамтитын дағдылар кешені болып табылады[4,21].

XXI ғасыр дағдыларына келетін болсақ, олар сонымен қатар трансверсалды дағдыларды немесе құзыреттіліктерді білдіреді, бұл дағдылар бүгінде жоғары сұранысқа ие, сондықтан олар, атап айтқанда, цифрлық дағдыларды да қалыптастырып, қамтиды.

ЮНЕСКО трансверсалды дағдыларды төмендегідей анықтайды: «Әдетте белгілі бір жұмысқа, тапсырмаға, академиялық тәртіпке немесе білім саласына байланысты емес деп саналатын және әртүрлі жағдайларда қолдануға болатын дағдылар (мысалы, ұйымдастырушылық дағдылар)».

Бұл дағдыларды «жұмсақ» немесе «берілетін» деп те атауға болады, өйткені олар белгілі бір секторға немесе кәсіпке тән емес. Бұл дағдыларды көлденең дағдылар деп те атайды. «Көлденең» сөзі бұл дағдылардың геометриядағы көлденең сызық сияқты әртүрлі тапсырмалар мен рөлдерді қалай «кесіп өтетінін» білдіреді.

ЮНЕСКО трансверсалды дағдылардың алты санатын анықтайды:

- сыни және инновациялық ойлау;
- тұлғааралық қарым-қатынас дағдылары (мысалы, өзін таныстыру және қарым-қатынас дағдылары, ұйымдастырушылық дағдылар, топта жұмыс істей білу және т. б.);
- ішкі қарым-қатынас дағдылары (мысалы, өзін-өзі тәрбиелеу, ынта, табандылық, өзін-өзі ынталандыру және т. б.);
- жаһандық азаматтық дағдылар (мысалы, төзімділік, ашықтық, құрмет мәдениетаралық өзара түсіністік және т. б.);
- ақпаратты табу және оған қол жеткізу, сондай - ақ медиа-контентті талдау және бағалау қабілеті сияқты медиа және ақпараттық сауаттылық (UNESCO 2014C).
- мәселелік жағдайларды шешу, қарым-қатынас, топтық жұмыс және көшбасшылық дағдыларды қарастыра аламыз.

Қай кезеңде болмасын оқушылардың трансверсалды дағдыларын дамыту маңызды болып табылады. Талаптарға бейімделген және құзыретті тұлға шығару мәселесін шешу жолындағы міндет - жаңа білім беру стратегияларын таңдау тәсілінің негізінде жатыр, сондай-ақ оқу орындарының білім беру қызметін және оқытуды практикалық қызметке бағдарлау. Бүгінде өзін-өзі жүзеге асыру, өз кәсібінің маманы болу үшін, еңбек нарығында сұранысқа ие болу үшін тұлғаның бойында академиялық дағдылардан бөлек келесідей дағдылардың болуы қажет:

- қарым-қатынас дағдылары, іскерлік қарым-қатынас дағдылары тек орыс тілінде ғана емес, ағылшын және ана тілінде де;
- компьютерлік сауаттылық, интернет қызметтерін пайдалану мүмкіндігі, өзгерістерге бейімделу;
- ресурстарды тиімді пайдалану;
- креативтілік;
- мәселелік жағдайлардың шыға білуі;

-топта жұмыс істей алу және т.с.с.

Педагог-психологтардың жоғары сынып оқушыларының қабілеттіліктерін, трансверсалды дағдыларын дамыту барысындағы жұмысы білім беру жүйесінде маңызды рөлге ие. Осындай жұмыс түрлерін ұйымдастыруда педагог-психологтар келесідей мәселелерге баса назар аударулары қажет: қолайлы және тиімді оқу жоспарын құру; оқушының өзінің жұмысын өзі жоспарлап, шешімді өзі қабылдауына ықпал ету; оқу жоспарын құруда оқушының қызығушылықтарын ескеру; оқушыларға индивидуалды келіс жасау және оқушылардың топпен жұмыс жасауын қамтамасыз ету, олардың өз құндылықтарын анықтауына көмектесу, мақсат қойып, мақсатқа жету жолын дұрыс таңдап, ресурстарын дұрыс пайдалануға, тайм-менеджментті дұрыс қалыптастыруға ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеуге, талдау мен қадағалауға үйрету болып табылады.

Жоғары сынып оқушыларының бойындағы трансверсалды дағдылардың қалыптастыру - оларға қай салады болмасын өздерін дұрыс жүзеге асыруға көмектеседі. Ал өзін-өзі жүзеге асыру – саналы тұлғаның өзін-өзі реттеу, басқару негізінде пайда болатын, ортада өз әлеуметтік мәртебесін жоғарылату қажеттілігінен туындаған, өзін-өзі бекіту бойынша дербес, арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті.

Бүгінгі таңда еңбек нарығында сұранысқа ие болу үшін жоғары оқу орнының түлегі кәсіби құзыреттіліктерден басқа қарым-қатынас дағдылары, іскерлік қарым-қатынас дағдылары, трансверсалды дағдылар, компьютерлік сауаттылық, интернет қызметтерін пайдалана білуді тек орыс тілінде емес, сонымен қатар ағылшын және ана тілінде меңгеруі тиіс және өзгерістерге бейімделуі қажет [2,148].

Еуропалық Одақтың, жетекші еуропалық университеттердің тәжірибесі бойынша біз бұл дағдыларды дамытуда оқытудың мазмұнымен қатар қолданылатын оқыту әдістемесі үлкен рөл атқаратындығын білеміз [3,196].

Қорыта келе, білім беру үрдісінде жоғары сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын дамыта отырып, болашағына жол сілтей аламыз. Сондықтан да жоғары сынып оқушыларының трансверсалды дағдыларын қалыптастыру жұмыстарының сапасын арттыру, олардың біліміне, ойлау қабілетіне баса назар аударып, ізденімпаздық қасиеттерін дамыту өте маңызды. Өйткені біздің ғасырымыз – білімділер мен жан-жақты тұлғалар ғасыры. Ендеше бізге ой өрісі дамыған, зерделі, жан-жақты, парасатты ұрпақ қажет.

Әдебиеттер

1. Фахретдинова Г.Н. Формирование трансверсальных навыков в преподавании иностранных языков в инженерном вузе. Сборник научных трудов «Иностранные языки в современном мире». Казань, 2020. С 282 - 291.
2. Зиннатуллина Л.М., Фахретдинова Г.Н., Развитие трансверсальных навыков на уроке иностранного языка в инженерном вузе на основе опыта европейского союза. Казань, 2021. С 148 - 149.
3. Валеева Э.Э. Профессионально-ориентированная иноязычная подготовка магистрантов инженерного вуза / Современные проблемы науки и образования. 2016. № 5. С. 196.
4. Venckutė, M Creativity - a transversal skill for lifelong learning. An overview of existing concepts and practices Final report / M. Venckutė, I. B. Mulvik, B. Lucas. – Luxembourg : Publications Office of the European Union, 2020. 20 – 60 p
5. Фахретдинова Г.Н., Дулалаева Л.П., Зиннатуллина Л.М., Царева Е.Е. Важность развития трансверсальных компетенций в системе высшего образования стран Евросоюза. / Тенденции развития науки и образования. 2020. № 58-8. С. 30-33.